


А И Қ Ы Н



«Қос қолтаңба» – қойынқалтаңда...

Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, журналист Бауыржан Омарұлының «Қос қолтаңба» атты портрет-эссесі «Ағна» баспасынан шағын кітапша болып жарық көрді.

Шағын кітапша болғанмен, қыртысы мен қатпары қалың қос томға бергісіз «Қос қолтаңбаның» ерекшелігі не дегенде, алдымен журналистік шеберлікті атар едік. Оқиғаның орамды, кей тұста ойнақы тілмен жеткізілуі оқырманды еріксіз жетелеп отырады, ойландырады, ой салады, кей тұста еріксіз езу тартқызады. Сыр елінің санлағы, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Бақберген Досманбетовтің басқарушылық болмысын, менеджерлік мектебін інінің, шәкірттің, қосшының көзімен күнделікті іс-қимыл үстінде баяндай отырып, «басшы қандай болу керек?» «қосшы қандай болу керек?» деген қоғамға қажетті ой салады. Қажетті ой дейтініміз, бұл кітапшада мемлекеттік қызметкер қағида тұтатындай, шенеуніктерге шеберлік сабағы болатындай, болам деген жасқа бойтұмар болатындай баталы да, аталы да үлгі-өнеге көп. Аға алдындағы аманатына адалдық танытқан автор бір ғана тұлға арқылы бүгінгі «жаңа» заманның әкімі қандай болу керек?» деген сұраққа толықтай жауап беретін идеальды әкімнің портретін сөзбен сыза білген. Былайша айтқанда, ҮЛКЕН ӘРІППЕН ЖАЗЫЛАТЫН АДАМҒА лайық тұлғаны журналистік шеберлікпен қапысыз таныта білген. Жарық жұлдыздар өзінің тасасындағы жұлдыздарды жарқыратпай тұра алмайды. Өрімдей кезінде өңір басшысына лайық қосшы бола білген кітап авторының өзіндік қадір-қасиетінің де жарқырай көрінуі ағаға лайық інінің, ініге лайық ағаның арқасы екендігін алғаусыз танытады. Баяндаушы өзі қызметтес болған ортасын ойға алғанда, Олжасша айтқанда, «тауларды да биіктетіп, даланы да асқақтата білген». Осы орайда, «күш – әділдікте» деген екен әйгілі Әмір Темір. Әлсіздік – әділдік болмаған жерден басталады. Халықты жұмсаймын деген адамның өзі халыққа жұмсала білу керек. Расын айту керек, көпшілік қауым арасында шенеуніктердің жағымсыз образы орныққанының себебі басым бөлігі кәсіби қасиетіне қамшы салдырмағанымен, адамдық қарапайым қасиеттері жетіспей жатады. Кәсіби сапаға адами сапа қосылмаған соң, әйтеуір бір нәрсе бос болып тұрады. Сызданған суықтық, есеппен қимылдау, біреуге біреудің тәуелділігі жан-жағынан тегіс құрсап тастаған орталарға халықтың психологиясын, халықтың жанын түсіне білген кемел кейіпкерін үлгі ету арқылы автор орамды ой тастайды. Сезімсіз робот, тапсырманы тыңғылықты орындауды ғана білетін машинаға айналған кеуделерге сыздықтай отырып сәуле түсіреді. Ел басқару да шығармашылық өнердің бір түрі екендігін ішке түйгізеді. Сонысымен де құнды, қос томға бергісіз «Қос қолтаңба» қойынқалтаңда жүрсе артықтық етпейді.

Төреғали ТӨШЕНОВ